

Summary: We learned how to build a Java enterprise web application on Oracle NoSQL Database. It surveys major features and data modeling approaches in Oracle NoSQL Database.

References:

- 1) <http://www.oracle.com/technetwork/articles/bigdata/oracle-nosql-db-appdev-1891870.html>
- 2) <http://en.wikipedia.org/wiki/NoSQL>
- 3) <http://docs.oracle.com/cd/NOSQL/html/GettingStartedGuide/kv-lite-usage.html>
- 4) <http://nosql.mypopescu.com/post/406672401/more-nosql-based-twitter-apps>

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

**Конаева Нурбану, Тұрғанбай Алтынай, Алмаханова Ақмарал
Сүлейман Демирел Университеті**

Түйін

Күнделікті өміріміздегі жастардың веб-технологиялар мен әлеуметтік желілерді пайдалану үйреншікті іске айналууда. Сондықтан зерттеудің басты мақсаты - әлеуметтік желілерді және олардың қоғамға, оның ішінде әсіресе жастарға тигізетін әсерлерін анықтау. Адамдардың мінез-құлқына қандай ықпал ететінін айқындау. Басты мәселелерді талқылау арқылы тиімді шешімдерді ұсыну.

Аннотация

В современном мире у молодых людей является обыденным делом использование веб-технологий в организации общения. Целью нашей работы являются социальные сети, а также их влияние на молодежь. Определить влияние социальных сетей на социализацию и характер молодежи. Извлечь главные проблемы и предложить выгодные решения.

Annotation

Nowadays, using web-technologies in organization communication and different goals is very common and popular among young people. So, we decided to make a survey about social networks and their influence on young people exactly students. Determine the impact of social networks on socialization and character of youth. Find main problems of using social networks in improper way and offer effective solutions.

Қазіргі таңда жас адамдардың веб-технологияны игеруі және әлеуметтік желілерді қолдана отырып түрлі адамдармен байланыс құру үйреншікті іс болып табылады. Әлеуметтік желіні

«әлеуметтік медиа» деп те атайды. Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін ғаламтор сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы. Алайда, қазіргі таңдағы жастардың айтарлықтай толығымен қажеттілігін осы әлеуметтік желілер алмастырды. Таза ауда серуендеуін, ойын сауық кешендері мен достарына сапарларын ұмытып, күнделікті өмірлерін виртуалдылыққа ауыстырып, әғни әлеуметтік желілердің ортамына көшті. Суретке түсудің өзі естелік үшін емес, әлеуметтік желілерді сол суреттермен толтырып, түрлі жағымды комментарий көру әдетке айналды. Жалғастырар болсақ, мысалдар өте көп, бірақ мәселенің неге апаратыны апанық. Адамдардың шын өмірлерін виртуалдылыққа алмастыру, өміріміздің құндылықтары мен қызықтарын жоғалтумен тең /1, 506/.

Мәселе: қазіргі кездегі байланыс тәсілдерінің көбейуі, оның ішінде әлеуметтік желілер, жастардың жеке дамуындағы әсерлері. Қарастырылып отырған мәселеге байланысты, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: жастардың өміріндегі әлеуметтік желілердің ықпалын айқындау, және олардың әсерін анықтау (кері және пайдалы)

1. Әлеуметтік желілердің қолдану мақсаты мен жиілігін анықтау.
2. Әлеуметтік желілердің қолданудағы артықшылықтар мен кемшіліктерді үйреніп, виртуалды емес байланыс құрумен салыстыру.
3. Байланыс құруда әлеуметтік желілердің қолдану себебін үйрену.
4. Жастардың әлеуметтік желілерге тәуелділігін анықтап, өмірлеріне тигізетін әсерін білу.

Әлеуметтік желілердің әсері көптеген ғылым адамдарын толғандыратын бірден-бір мәселе. Сол себепті, әлемде бұл тақырыпқа байланысты біршама ғылыми-зерттеу жұмыстары мен эксперименттер өткізілген. Атап айтар болсақ, британдық ғалым, биолог Арик Сигман 2009 жылғы зерттеуінде әлеуметтік желілердің адам ағзасы, денсаулығы мен ойлау қабілетіне кері әсерін тигізетін айтқан. /2 /. Зерттеу нәтижелері бойынша, 1987 жылдан бастап британ адамдарының бір-бірімен бетпе-бет сөйлесуі күніне 6 сағаттан 2 сағатқа дейін қысқарған. Ал, ғаламтор қызметтерін пайдалану болса күніне 4 сағаттан 8 сағатқа дейін ұлғайған. Арик Сигманның айтуы бойынша, қазіргі таңда ата-аналар өз балаларымен аз мөлшерде уақыт өткізіп, көңіл бөлмеуінің себебі де әлеуметтік желілерге байланысты. Жасөспірімдер арасындағы өмірге, шынайы достық пен махаббатқа деген немқұрайлылық, виртуалды әлемнің көптігінің себебі екен. Атақты ғалым, әлеуметтік желілірді шамадан тыс қолдану адам баласына белгілі көңіл күйге байланысты мимика, дауыс тоны мен дене қимылдарын ұмыттырып, шынайы әлемдегі адамдар арасындағы байланысқа кері әсерін тигізеді деген, тұжырымға келіп отыр.



Мәселенің басқа бір беті, әлеуметтік желілер оқушы үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Бұл жайлы нидерландық ғалым Пол Киршнер өз зерттеу жұмысында дәлелдеген. Зерттеу барысында 219 студент экспериментке қатысқан. Нәтижеде, емтиханға дайындық кезінде әлеуметтік желілерді қолданған студенттер көрсеткіші 3.06 (GPA), ал қолданбаған студенттердің көрсеткіші 3.82 тең келді. Алайда жастар мұндай шешіммен келісе қойған жоқ. Зерттеуде болған студенттердің $\frac{3}{4}$ бөлігі қарсы болса, тек бір бөлігі ғана әлеуметтік желілердің оқу үлгерімдеріне кері әсер ететінін мойындады. /3/ /4/.

Өркен Кенжебек, журналист әлеуметтік желілердің зияны жайлы мына бір оқиғаны баяндап берді. Ғаламторлағы пікірмен санаспау, оның өзі психологиялық қаупке айналды. Мысалы Югославияның бұрынғы астанасы Белградта Снежана Павлоич деген қыз тұрды. Сөйтті де, Facebook-ке жай ғана жазба салады. Бүгінгі күн тамаша, дегендей. Бірақ, ешкім елемейді. Содан Снежана жүйке дерті ауруханасынан бір-ақ шығады. Одан “Синдром Снежана”, деген жаңа аурудың жаңа түрі шығады. Яғни, сен Facebook-ке пікір саласың, оны ешкім елемесе, ол адам ауру, жынданады. /5/ Көріп отырғаныңыздай әлеуметтік желілердің адам ағзасына, тұлға ретінде дамып жетілуіне алып келер зияны баршылық. Бұл тұжырымдама емес, көптеген ғалымдар тарапынан өз елімізде де, шет елдерінде де зерттеулер барысында айқындалған шешім.





Зерттеу нәтижелері



Сауалнамаға қатысқан адамдардың жалпы саны: 40 (ер-40, қыз-60)

Жалпы сұрақ саны: 10



жоғарыдағы сұрақта әлеуметтік желінің емес, ғаламтордың пайдасы көрсетілген





Қорытынды

Сауалнама жауаптарына қарап, әлеуметтік желілердің студенттердің сабақ үлгеріміне алып келер кері әсері бар екені айқын көрінеді. Студенттердің орташа үлгерім көрсеткіштерін салыстыра отырып, әлеуметтік желілерді сирек қолданатын жастырдың сабақ үлгерімдері жақсырақ екенін көруге болады. Әлеуметтік желілер толығымен зиянда немесе пайдасыз деп айту дұрыс емес болар, алайда адам баласының, оның ішінде жастарға алып келер физиологиялық, психикалық жіне әлеуметтік кері әсерлері көп.

Бұл мәселенің шешімі ретінде әлеуметтік желілерді ақылы қолдану сатысына көтеру немесе шектеулі серверлер орнату шешімдерін ұсынамыз. Нидерланд ғалымы Пол Киршнер айтқандай «барлық нәрсе жақсы, бірақ белгілі мөлшерде ғана».

ӘЖ - әлеуметтік желілер

time management - бос уақытты жоспарлау

GPA - студенттің орташа үлгерім көрсеткіші

Әдебиеттер

1. Диков А.В. Интернет и Веб 2.0. Учебное пособие/2-е изд. М.:Директ-Медиа, 2012. — 62 б. (<http://sibac.info/11367>)
2. <http://www.rg.ru/2009/02/20/set-socium-anons.html> - ғаламтор ресурсы, британ ғалымы Арик Сигман өткізген зерттеу жайлы мақала
3. <http://www.utro.ru/articles/2010/09/08/920744.shtml> - ғаламтор ресурсы, «Утро» газетінің, ғалым Пол Киршнердің зерттеуі жайлы мақаласы
4. <https://ou-nl.academia.edu/PaulKirschner/Papers> - ғаламтор ресурсы, нидерланд ғалымы Пол Киршнердің зерттеу жұмыстары
5. http://kaztrk.kz/kaz/news/apta-kz/Aleumettik_zhelinin_aleueti.html - әлеуметтік желінің әлеуеті, атақты журналисттер мен профессорлардың айтқан пікірлері.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ

Менлибаева Сандуғаш, Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. доцент Қозғамбаева Гүлнар

Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан – 2030» жолдауында: «...ұлттық қауіпсіздіктің маңызды приоритеттерінің бірі демографиялық және миграциялық саясат» – деп көрсетіп берді [1]. Бұл дегеніміз қазіргі таңда жақын және алыс жатқан елдердегі қазақ диаспорасына да тікелей қатысы бар екендігі анық. Сондықтан тарихи демографияның, оның ішіндегі жақын және алыс жатқан елдердегі қазақ диаспорасын зерттеу қоғамдық маңызы бар өзекті мәселелердің бірі болып отыр.